


Б. Сағындықұлы*Марғұлан университеті**Павлодар, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0002-8311-2272>*email: kasabek65@mail.ru***Н. Ахтаева***Марғұлан университеті**Павлодар, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0001-7004-4015>*email: nagibek78kz@gmail.com***ҚАЗАҚ ТІЛ ПУНКТУАЦИЯСЫ: ТЕРМИНДЕНУ
МЕН ҒЫЛЫМИЛАНУ ҮДЕРІСІ**

Аңдатпа. Мақала қазақ тіл біліміндегі тыныс белгілерін сипаттайды. Оның шығу тарихына мән беріп, қазіргі қолданылуындағы көзқарастарды сараптайды. Мақала барысында тақырыптың терминделу жай-күйі негізделеді, әрі ондай тұжырым тек ғылыми тұрғыдағы пайымдаулармен айқындалады. Байқап қарасаңыз, қазіргі қазақ ілімінде әбден орныққан деп саналатын нүкте тыныс белгісінің ұлы тыныс, ноқат сынды терминдермен белгіленгені анық. Ал бұл сөздердің леп, дем, толқын, тыныс сияқты физио-лингвистикалық бірліктердің қабаттасуынан дамып жетілгені назардан тыс қалып келді. Авторлар тыныс белгілерінің түркі тілдерінің ішіндегі қазақ, қырғыз, қарақалпақ және орыс тіліндегі еңбектердегі қолданыс аймағын анықтап, ғылыми тұжырымдарды қалыптастырады. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі көрініс аспектісіне кеңірек тоқтап, оларды көркем шығарма тіліндегі пайдалануымен дәлелдейді. Мақаланың үштен екі бөлігі шылау сөздер мен оқшау сөз бірліктерін ажырата қарауға итермелейді. Себебі қазіргі талдауларда сөйтіп, қайта сөздерінің о бастағы шылаулық қызметі жойылып, қыстырма сөз қатарында танылуына мақала иелері қарсы дау айтады. Сол сияқты біршама шылау сөздердің (әрі, және, әйтпесе) сөйлем және сөйлемаралық дәрежедегі құрылымдық-мағыналық топтастырылуына аса қырағылықпен қарауды қажет етеді, әрі соған сәйкес ғылыми негіз қалыптастырады.

Түйінді сөздер: тыныс белгілері, сөйлем, оқшау сөздер, жалғаулық шылау, қыстырма сөз.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 20.10.2024

Баспаға қабылданған мерзімі: 03.12.2024

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде өзгеше орынға ие – тыныс белгілері саласы. Сондықтан да аталмыш салаға барынша көңіл аударылып отырғаны абзал. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ тілі грамматикалық оқулықтарының соңында беріліп жүретін салалық тұжырымға сүйеніп келдік. Оның өзінде соңғы жылдары шыққан оқулық талаптары басқа ма, әйтеуір тыныс белгілеріне тән теоремалар енгізілмей қалып жүр. Тағы бір мәселе, оқулық авторларының бұл саланы толық меңгермегені де дәлел болса керек. Әйтпегенде жоғары мектепке арнап жазылған және үш қайтара жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі грамматикасында» тыныс белгісіне арнайы тарау арналған. Аталған еңбек авторлары тәуелсіздік тұсында жеке-жеке оқулық жариялады, бірақ соның екінші авторы ғана бұл мәселені ұмыт қалдырмаған. Мәселен, М. Балақаевтың «Қазіргі қазақ тілі» еңбегі 1992 жылы, ал Т. Қордабаев «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі» 1995 жылы жариялады. Біздің байқауымызда, сол жылдары жарық көрген синтаксистік еңбектер тыныс белгілеріне селқос қарамаған. Қайта, аталған тақырыпқа еңбектерінің басты бөлігін арнап, жауапкершілігін арттырған.

Тыныс белгісіне арнайы жазылған еңбектің болды: Ф. Мұсабекованың «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» еңбегі соның дәлелі. Бірақ ол еңбектің өткен ғасырдың еншісінде жатқандығы да шындық. Алғашқы басылымы 1973, екінші басылымы 1991 жыл еді. Ол еңбекте болған теориялық тұжырымдарды толықтай жокқа шығару да мүмкін емес. Ал жаңаша көзқарастың қажетті қағидаттарын қабылдамауға тағы да болмайды. Оның үстіне қазіргі қолданыста өрескел қателерге жол беріп жүргеніміз немесе күмәнмен қарайтынымыз да, тіпті әріптестеріміздің өз білгенінше жазуға бет бұрғанын да байқап жүрміз. Қазіргі уақыт тез өзгеру мен түрлі тілдер қатысының әсерінен әр алуан қағидаттармен толығып отырады. Мәселен, қазіргі ағылшын тілді еңбектерде жалғаулық шылаулардың сөйлем басында келуіне екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінде жалғаулық шылаулардың қатысына қарсы тұра алмайсың, екінші жағынан «мұндай шылаулар сөйлемнің басталуына жеңілдік береді» (Pennington, 2022).

Материалдар мен әдістер

Мақаланың жазылуында пайдаланылған әдебиеттер тізбесіндегі материалдардың мол пайдасы болды. Сонымен бірге түрлі танымдағы сөздіктер, энциклопедиялық анықтамалықтар өз әсерін тигізді. Бұлар тақырыпқа сәйкес жинақтау, сұрыптау, талдау әдістерімен тиянақталды. Ғылыми саралау әдісі де тақырыптың жан-жақты ашылуына алып келді. Қарапайым ғана көркем шығарма мысалдарының өзінен «зияткерлік өсуді, мәдени және эстетикалық сапа, өзін-өзі бағалау нәтижесінен жинақталатын мәдени әдеп моделі және оның ортадағы шығармашылық пен әлеуметтенуіне» (Moldagali, 2022) көңіл аударылды. Мұндай әдіс оқытудағы алдыңғы қатарлы технологияның құрылымдық моделін жасауға әкеледі.

Нәтижелер және талқылау

Пунктуациялық мәселелерді синтаксистік теориялармен қатар беру үдерісі түркі тілдері ғалымдарының еңбектерінен байқалады. Мәселен, қолымызға іліккен қырғыз және қарақалпақ тіл білімінің грамматикаларында тыныс белгілері бірге

берілген. Бәлкім, бұл жайт олардың оқулық ретінде жарияланғандығынан да болар. Бұл тұрғыда Е.Д. Дауенов пен М.Д. Дауенов авторлығындағы «Грамматика современного каракалпакского литературного языка» және А. Жапар иелігіндегі «Синтаксический строй кыргызского языка» еңбегін қараған жөн. Ал орыс тіл білімінің грамматикалары бұл ілімді синтаксис саласына қоспайды. 1954 жылы жарық көрген «Грамматика русского языка» бастап, кейінгі жарияланымдағы В.А. Белошапкованың 1977 жылғы жарияланымындағы «Современный русский язык» оқулығы осыны аңғартады. Сондай-ақ, әлемдік тіл біліміндегі еңбектер де аталған тақырыпты синтаксис саласының ішіне енгізбейді¹. Осы жағын ескере келгенде, қазақ тіл біліміндегі пунктуациялық мәселелер жеке ілім ретінде қарастырылып, өзіндік теорияларын жинақтайтын уақыт келді.

«Тыныс белгілері – жазба тілдің негізгі құралы болып табылатын, әліпбиден тыс графикалық белгілер жүйесі» (Тіл білімі терминдерінің сөздігі, 2007, б. 296) болып саналады. Терминге іліккен тіркесімнің соңғы бірлігі «таңба» сөзімен мәндес қолданылады. Ал алдыңғы бірлікпен мәндес келетін сөздер саны бірсыпыра: леп, толқын, дем және т.б. Бұлардың қайсысы бастапқы, негізгі екені қазақ жазушыларының шығармаларынан анық байқалады. Қараңыз: *Ол емес, тысқа шығып өз-өзімен қалғанда, жұлдызды аспанға аса бір рақат қуанышпен қарап тұрып, кең тыныс алды* (М. Әуезов) // *Бірақ ақын күрсінгенімен, демі дірілдеп барып, кеудесінен лықсып шыққандай болды. Өксік сияқты жалынды леп бар* (М.Әуезов) // *Аздан соң Қадырбай әндетіп кетті. Дауысында аса бір кең тыныс бар екен. Боздаған нардай үлкен толқын шығады* (М. Әуезов). Осындай себептерден болса керек, тыныс сөзі белгі сөзімен тіркесімге түсіп, терминденуге лайықталған. Жеке құбылыстық қасиеттен тілдік бірлікке ауысқан тыныс деген сөздің ауқымы осылайша күрделілікке ие болып, тілдік-тұлғалық және логикалық-интонациялық қызмет атқарған.

Қазақ тіліндегі тыныс белгілеріне қатысты алғашқы ережелерді бекіту, олардың атауларын орнықтырып, ғылыми қарекетке түсіру А. Байтұрсынұлынан басталады. Мәселен, қазіргі тіл білімінде *нүкте* атауымен орныққан тыныс белгісі ұлт ұстазының оқу құралдарында *ноқат* немесе ұлы *тыныс* сөздерімен жеткізілген (Байтұрсынұлы, 2017, б. 328). Ғалым тұжырымдауында, ұлы тыныс «Әбден біткен ойлы сөйлемдерді бір-бірінен айыратын орында қойылса», қазіргі уақыт олардың қызмет әлеуетін арттырған. Мәселен, төмендегі жазушылардың сөйлем қолданысына мән бере отырып, оның тек тыныс белгісі ғана емес, сонымен қатар байланыстырушылық қызмет атқаратын бірлік ретінде тануға болады. Қараңыз: *Бір абыройы – құрамдағы вагондар бос болатын. Ноқат-адам тапжылар емес! Тепловоz ботадай боздап келеді* (Т. Әбдрайым). Ноқат сөзі, біріншіден, тіл білімінде тыныс белгісі қызметін атқарған. Екіншіден, осы мәнмәтінде екінші мен үшінші сөйлемнің байланысына сеп болып тұр.

Соқпағы мен сүрлеуі мың түлеп, мың түрленген өмірді адам қай нүктеден бастағанын ұмытпаса, Дәрмендей балақайдың тас қыстауына түбі бір соғар еді (Д. Қуат). Біріншіден, нүкте сөзі қазіргі тіл білімінде тыныс белгісі болып әбден орныққан. Ал, екіншіден, берілген құрмаластық сөйлемдегі сыңараралық байланыс лексикалық тәсілдің қызмет-қуатына түсіп тұр. Келесі кезекте тыныс белгісінің нақты мәнмәтіндік деңгейде қызмет атқаратынын байқадық. Мысалы: *Таразиды оқысам тартынып қалам...* «Міне, романның мәні осы екі-үш ауыз

¹ Қараңыз: Адмони В.Г. Синтаксис современного немецкого языка, 1973; Колесникова В.Д. Синтаксис эвенкийского языка, 1966; Реферовская Е.А. Синтаксис современного французского языка, 1969.

сөз, көп нүктелермен ашылып сала береді. Сонда осындай үлкен романда сөзді қойып көп нүктенің өзі бекер тұрмаған болып тұр ғой. Тіпті, романның оқырман ойында гүлдейтін екінші үлкен бөлігі сол көп нүктеде тұрғанын қайтерсің! (Ұ.Нұрғалымұлы). Мұндағы мысалда, біріншіден, көп нүктелік қызметтің өзі бүкіл романға жүк болғаны айқындалады. Екіншіден, осы жайттағы автордың мысалдық дерегіндегі ой да ғылыми тұжырымға жүк болады.

Қазіргі қазақ тіл білімі, оның ішінде тыныс белгілері саласы, барынша орныққан және ғылыми тұжырымдармен бекітілген сала болып есептеледі. Бастауын 1920 жылдардан тарқататын тыныс белгілерінің шын мәнінде ғылымылануына 1960–1970 жылдар ішіндегі ғылыми тұжырымдар септігін тигізді. Бұл уақыт әдеби көркем шығарма тілінің аса зор дамуымен де түсіндіріледі. Мұндай бай сөз-сөйлемдік қолданыстар тыныс белгілерінің де нық орнығуына алып келді. Нәтижесінде, сөйлем соңы мен сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері ажыратылды. Олардың лигвистикадағы қызметі арта түсті. Қазіргі күнгі қолданымдағы әр алуандылық аталған уақыт тұсында үлкен мәселе туғыза қойған жоқ. Тіпті, ол уақыт шеңберінде аталған тақырып жеке зерттеу нысанына ілікті де, көп сұрақтардың шешімін табуына ықпал етті. Ал соңғы жиырма-жиырма бес жылдағы білім саласындағы тұрақсыздық, көркем шығарма авторларының немқұрайдылығы бұл мәселенің қайтадан қаралуына итермелеп отыр.

Тыныс белгілеріне тән әр түрлілікті оңайырақ дейтін тұсынан бастайық. Қазақ тіл біліміндегі шылаулар, оның ішінде жалғаулық шылаулардың бірсыпырасы, құрмалас сөйлем сыңарларын қатынасқа түсіруде белсенді. Мұндай жағдайда жалғаулық шылаулар жеке сыңарлардың я соңында, я басында келеді-дағы сыңарлар арасына үтір қойылады. Шын мәнінде, жалғаулық шылаулардың сыңарларды үтірмен ажыратылуына қатысы жоқ. Ол тыныс белгісі екі сыңардың баяндауыштарына қатысты қойылып отыр. Мәселен, не, немесе талғаулық шылаулары құрмалас сыңарларының аралығында келгенде үтір арқылы ажыратылмайды. Бұл заңдылық басқа шылау түрлері келгенде неліктен бұзылуы керек?

Тіпті, мағыналық жағынан біртектес болатын ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар құрмалас сөйлем сыңарларын байланыстыруда екі түрлі қызмет атқарып жүр. Егер олар да/де, әрі шылаулары арқылы келсе, үтір арқылы ажыратылады да, және жалғаулық шылауы арқылы болғанда үтір қойылмайды. Қараңыз: *Арбаға урядник пен Елизавета қатар отырыпты да, Быков көшірдің қасына орналасыпты* (Ғ. Мүсірепов) // *Қазан бүлк-бүлк қайнап жатыр, әрі ішіндегі жылқы етінің иісі бұрқырайды* (Ғ. Мұстафин) // *Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және түстері жүдеу, ашаң тартып сұрланған, киімдері жыртық екі-үш орта жасты адам бар* (М. Әуезов). Бұл мысалдарды қолданған қазақтың классик жазушыларына қатысты айтылатын кінәрат жоқ, сонымен қатар үтірдің қойылуына да дау айту әбестік болар. Мәселе «Салалас құрамындағы жай сөйлемдер мейлі жалғаулықсыз байланысын, мейлі жалғаулықтар арқылы байланысын, араларына үтір қойылады» (Қазақ тілі, 1998, б. 432) деген ғылыми пікірге немқұрайды қарауда болып отыр. Демек, үтір жалғаулық шылауға қатысты қойылып отырған жоқ, жай сөйлемдік баяндауыштардың біртектес қызметіне байланысты қойылып отыр.

Сол сияқты әрі жалғаулығының қызметі жай сөйлемдік құрылымда жиі кездеседі. Мұндай қызметті ыңғайлас мәндегі жалғаулықтардың барлығына қарата айтуға болады. Себебі олардың сөздерді байланыстыруында орынсыз

үтір қойылады. Мәселен, *кітап пен қалам алды* десек, жалғаулық шылау үтірсіз жазылады. Неге сүйенгені белгісіз, *кітап, әрі қалам алды* дегенді үтір арқылы жазу дағдыға айналған. Мұндағы басты жайт жалғаулық шылау қызметін түсінбегендіктен болмаса ережеге мұқият назар аудармағандықтан болып отыр. Әйтпегенде жалғаулықтар «...негізгі мағыналарынан айырылып, сөз бен сөзді, сөз тіркестерін немесе бірыңғай жай сөйлемдердің байланысу жолы мен арақатынасын білдіретіндей болып десемантикаланған» (Ысқақов, 2010, б. 363). Ал С. Исаев тұжырымы мейлінше нақты: «Және, мен (пен, бен) шылаулары бірыңғай мүшелер мен ыңғайлас мәнді сөйлемдерді байланыстырып, қайталанбай қолданылады. Сондықтан бұл жалғаулықтар байланыстырған сөздер мен сөйлемдердің арасына үтір қойылмайды» (Исаев, 1993, б. 115). Яғни, ереже анық, тек практикалық тұрғыдан абай болған жөн.

Бұл тұжырымды жалғастыра түссек те болады. *...Бұлар тағы да сілтесе бермек болды. Сөйтін, осы белдің ойына қарай құлай бергенде, жорға Жұмабай арт жағынан, сол иығы тұсынан тасырлатып кеп қосылған бір дүсірді есітті // ...Абайға жайлысы осы болып еді. Әйтпесе, үлкен адамша орталарына шақырып ап, ақымақ бала қып қойып күлгендеріне ырза болайын деген ойы жоқ* (М. Әуезов). Мұнда кемі екі сөйлем байланысынан тұрған мәнмәтін мысалға алынды. Соның ішінде ерекше белгіленген бірліктерді қазіргі қазақ тіл білімін зерделеушілер оқшау сөз түрі ретінде белгілейді: оның өзін сөйлем аралығында келіп, үтір арқылы ажыратылуынан іздегендіктен болса керек. Ал бұл бірліктің тарихи бастауы басқаша болатын. Мәселен, қазақ тілінің ғылыми әлеуетін барынша жетілдірген профессор Қ. Жұбанұлы пікірінше, бұлар «...сөйлемнің ішіне кірген жай сөйлемнің басын қосу үшін істейтін амалдар», нақтырақ айтсақ, «Кейінгі сөйлемнің басында «сол себепті», «сондықтан», «сөйтіп», «сонымен», солармен мағыналас «сосын» сияқты дәнекерлер болады» (Жұбанұлы, 2013, б. 330). Ғалым пікіріндегі *амалдар, дәнекерлер* деп берілген бірліктердің жалғаулық шылаулар екеніне күмән жоқ. Ал жалғаулық шылаулардан кейін, жоғарыда айтқанымыздай, үтір (,) қойылмайды.

Дәл осы бағыттағы ғалым тұжырымы *қайта* шылауына да қатысты айтылған: «Екі сөйлемнің хабары біріне-бірі қайшы келетін болса, кейінгі сөйлемнің басындағы дәнекері «бірақ», «сонда да», «сөйтсе де», «дегенмен», «қайта»-лар сияқты болады» (Жұбанұлы, 2013, б. 330). Амал нешік, қазіргі ілім осылардың ішіндегі *қайта* шылауынан басқасының мән-мағынасын сақтайды да, *қайта* бірлігін қыстырма сөз қатарына шығарады. Оның өзінде көркем шығармада кездесетін сөйлем ішінен тауып, қазіргі қарсылық мәнді жалғаулық шылау қатарында болмағандықтан, қыстырма деп бере салады. Ақиқатында, қыстырма деп танылған бірліктердің қатарында да *қайта* тұлғасымен келген бірлік жоқ. *Қайта* бірлігі Қ. Жұбанұлы ілімінен кейінгі уақытта жоғала бастайды. 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» бұл бірлік аталмайды. Тіпті, соңғы және соны еңбек қатарында саналатын «Қазақ грамматикасы» бұл бірлікті не жалғаулық шылаудың, я болмаса қыстырмалық бірліктердің қатарына енгізбейді. Біздіңше, бұл сөз – *керісінше* сөзімен теңдес, қатарлас бірлік. Бұлардың мұндай қызметін С. Аманжолов та көрсеткен-тін. Ғалым *керісінше, қайта, жоқ* бірліктерін «Алдыңғы сөйлемде айтылғанды теріске шығаратын соңғы сөйлеммен бірге айтылады» – деп қысқа қайырады (Аманжолов, 2010, б. 89). Ал онан кейін үтірдің қойылуы оның қыстырмалық сипаты емес, сөйлемдік бірліктің орнында қызмет атқарып тұрғандығынан ба деймін! Сөйлем болмағанның өзінде сөйлемдер аралығын байланыстырушылық қызметте келетін

шылау мәндел сөздер болса керек. Жалпы, жоғарыда мысалға тартылған бірліктердің қай-қайсысы да толық мағыналы сөзден мағынасыздыққа ұласқан шылау мәндел сөздер екені анық. Қараңыз: *сөйтін* = *солай етін, солай еткендіктен, солай етін болып*; *әйтпесе* = *олай етпесе*; *сондай-ақ* = *сонымен қатар*. Бір байқағанымыз, осы сипаттас сөздер ағылшын тілінде көркем шығармалық (бестселлер) деңгейге көтеріліп кеткен. Олардың ойынша, «Ақылдырақ көріну үшін де 41-ге тарта кіші грамматикалық ережелерді сақтауға» (Drayer, 2019) тырысу керек екен.

Келесі бірлік – *әйтпесе* шылауы. Бұл бірлік қазақ тіл білімінде жалғаулық шылау болып негізі қаланды (жоғарыдағы Қ. Жұбанұлы пікірін қараңыз). Шылаулық қызметін жоққа шығарған зерттеулер де жоқ. Тек оның екі сөйлем аралығында келіп, үтір арқылы ажыратылуы тәжірибелік талдауда қыстырма бірлік деп жүйелеуге көшті. Шын мәнінде, үтірдің қойылуы еш теоремаға сәйкес келмейді (жоғарыдағы мысалды қараңыз). Екінші бір жағдай, бұл шылаудың қарсылық мән беруден алшақтып, шарт мән беруге ыңғайлана бастағаны болса керек. «Осы жалғаулықтың табиғаты күні бүгінге дейін дұрыс ашылмай келеді, – дейді Қ. Есенов, – өйткені бір оқулықтарда ол қарсылық мәніндегі жалғаулыққа жатқызылса, енді бірінде талғау мәнді деп танылады. ...*әйтпесе* жалғаулығы синтаксистік компоненттерді байланыстыруға қатынасып, олардың арасында шарттастық мән тудырады» (Есенов, 1995, б. 38). Бұған алып-қосарымыз жоқ. *Әйтпесе* шылауымен қатар *болмаса* шылауының да шарт мән беруге әбден ауысқанын мойындау ғана қалды.

Қорытынды

Сонымен, қазақ тіліндегі тыныс белгілеріне қатысты тұжырымдар толық жинақталып біткен жоқ. Бұл мәселе синтаксис саласымен тығыз байланыста түсіндіріліп отырды. Бірақ мұнан тыныс белгілерінің жоғалтқаны көп болды деп айта алмаймыз. Қайта, тек екі сала бірлігі барынша түйткілді мәселелерді шешіп отырды. Оның үстіне тыныс белгілерін ең жақын түсіндірудің орны синтаксис болған еді. Солай бола тұра, бұл тақырыптарды жеке-жеке сала ретінде тұрақтандыратын да уақыт келді. Мұндай жағдайда оның салалық әлеуеті артып, арнайы зерттеулерді тартатыны айқындала түседі. Ал мақала барысында байқалғанындай, сөйтіп, қайта, әсіресе бірліктерінің қыстырма сөз болып қарастырылуында ешқандай негіз жоқ. Сондықтан тыныс белгілері ілімін жаңаша оқытудың айырықша көрінісіне айналған ІТ негізді білім беруде сақтауға қолайлы жағдай туғызу қажет. Әсіресе сандық технология мен жасанды зият күзіреттілігін орынды пайдалану мүмкіндігін жоғалтып алмау жөн саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Павлодар: «Торайғыров университеті» баспасы, 2010. 112 б.
- Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана, 2017. 752 б.
- Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Алматы: «Білім» баспасы, 1995. 136 б.
- Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. 640 б.
- Исаев С. Қазақ тілі. Алматы: «Қайнар» баспасы, 1993. 170 б.
- Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. 508 б.
- Тіл білімі терминдерінің сөздігі. Алматы: Фирма «Орнак», 2012. 388 б.

- Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Павлодар: «Торайғыров университеті» баспасы, 2010. 457 б.
- Drayer B. (2019). *Dreyer's English: An Utterly Correct Guide to Clarity and Style*. New York: Random House. 320 p.
- Moldagali, B., Sultanova, B., Akhtayeva, N., Suleimenova, A., & Akimbekova, S. (2022). Innovative Technologies: Digitalization of Education. *Journal of Social Studies Education Research*, 13, 4, 209–224.
- Pennington, M. 12 *Grammar Rules That Changed in the Last Decade*. Retrieved 26 December 2024 from <https://www.rd.com/list/grammar-rules-changed-last-decade/>

Қосымша дереккөздер

- Әбдрайым Т. Тағдыр сыйы. Өңгімелер. Алматы: Жазушы, 2017. 280 б.
- Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Алматы: Жазушы, 2004. 368 б.
- Қуат Д. Аспан таулар аясында. Өңгімелер. Алматы: Жазушы, 2018. 183 б.
- Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 2012. 1120 б.
- Мұстафин Ғ. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 2022. 255 б.
- Нұрғалымұлы Ұ. Таразиды оқысам тартынып қалам... // Қазақ әдебиеті, 2019. № 50–51. Б. 8–9.

References

- Amanzholov, S. (2010). *Qazaq adebi tili sintaksisinin qysqascha kursy* [A short syntactic course of the Kazakh literary language]. Pavlodar: Toraigyrov universiteti. (in Kaz).
- Akhmet Baytursynulynyn tiltanyndyq murasy. (2017). [Linguistic heritage of Akhmet Baitursynuly]. Astana. (in Kaz).
- Drayer, B. (2019). *Dreyer's English: An Utterly Correct Guide to Clarity and Style*. New York: Random House.
- Isaev, S. (1993). *Qazaq tili* [Kazakh language]. Almaty: Qainar. (in Kaz).
- Qazaq tili. Enciklopedia. (1998). [Kazakh language. Encyclopedia]. Almaty: Qazaqstan damu instituty. (in Kaz).
- Moldagali, B., Sultanova, B., Akhtayeva, N., Suleimenova, A., & Akimbekova, S. (2022). Innovative Technologies: Digitalization of Education. *Journal of Social Studies Education Research*, 13, 4, 209–224.
- Pennington, M. (2022). *12 Grammar Rules That Changed in the Last Decade*. Retrieved 26 December 2024 from <https://www.rd.com/list/grammar-rules-changed-last-decade>
- Til bilimi terminderinin sozdigi. (2012). [Dictionary of linguistic terms]. Almaty: Firma “Ornak”. (in Kaz).
- Ysqaqov, A. (2010). *Qazirgi qazaq tili. Morfologia* [Modern Kazakh language. Morphology]. Pavlodar: Toraigyrov universiteti (in Kaz).
- Yesenov, Q. (1995). *Qrmalas soilem sintaksisi* [Syntax of a complex sentence]. Almaty: Bilim. (in Kaz).
- Zhubanuly, Q. (2013). *Qazaq til biliminin maseleleri* [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Abzal-Ai. (in Kaz).

Sources

- Abdraim, T. (2017). *Tagdyr syiy. Angimeler* [Fate ink. The stories]. Almaty: Zhazuschy. (in Kaz).
- Auezov, M. (2004). *Abai zholy. Roman-epopeya* [The Way of Abai. An epic novel]. Almaty: Zhazuschy. (in Kaz).
- Quat, D. (2018). *Aspan taular ajasynda. Angimeler* [In the Kingdom of Heaven. The stories]. Almaty: Zhazuschy. (in Kaz).
- Musrepov, G. (2012). *Tandamaly* [Selected]. Almaty: Zhazuschy. (in Kaz).
- Mustafin, G. (2022). *Tandamaly* [Selected]. Almaty: Zhazuschy. (in Kaz).
- Nurgalymuly, U. (2019). Tarazidi oqysam tartynyp qalam [I don't dare to read Tarazi]. *Qazaq adabietі gazeti*, 50–51, 8–9. (in Kaz).

Б. Сагындыкулы, Н. Ахтаева

Маргулан университет

Павлодар, Казахстан

**ПУНКТУАЦИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ТЕРМИНИЗАЦИЯ
И НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ**

Аннотация. Статья описывает роль пунктуации в казахском языкознании, придает значение истории её происхождения и анализирует различные точки зрения на её современное использование. В ходе статьи обосновывается состояние терминологии по данной теме, причём такая формулировка определяется исключительно научными суждениями. Например, знак препинания «точка», который считается устоявшимся в современном казахском языкознании, ранее обозначался терминами, такими как «тыныс», «нокат». Также в исследовании не было указано, что эти слова развивались от физико-лингвистических единиц (леп, дем, толқын, тыныс). Авторы определяют область применения пунктуации в трудах на казахском, кыргызском, каракалпакском и русском языках и формируют научные выводы. Кроме того, в казахском языкознании речь идет о более широком аспекте выражения, что свидетельствует о их использовании в языке художественного произведения. Две трети статьи посвящены различению союзных и обособленных слов, поскольку в современных исследованиях исключена родовая функция некоторых союзных слов (сөйтiп, қайта), а эти слова признаются вводными. Точно так же некоторые союзы (әрі, және, әйтпесе) требуют более тщательного подхода к структурно-смысловой группировке слов в предложении и между предложениями.

Ключевые слова: пунктуация, казахский язык, предложение, обособленные слова, союзы, вводные слова.

B. Sagyndykuly, N. Akhtaeva

Margulan University

Pavlodar, Kazakhstan

**PUNCTUATION OF THE KAZAKH LANGUAGE:
TERMINATION AND SCIENTIFIC ANALYSIS**

Abstract. The article describes the role of punctuation in Kazakh linguistics, attaches importance to the history of its origin and analyzes various points of view on its modern use. In the course of the article, the state of terminology on this topic is substantiated, and this formulation is determined solely by scientific judgments. For example, the punctuation mark "dot", which is considered well-established in modern Kazakh linguistics, was previously designated by terms such as "tynys", "nokat". Also, the study did not indicate that these words evolved from physico-linguistic units (lep, dem, tolkyn, tynys). The authors define the scope of punctuation in works in Kazakh, Kyrgyz, Karakalpak and Russian languages and form scientific conclusions. In addition, Kazakh linguistics refers to a broader aspect of expression, which indicates their use in the language of an artistic work. Two thirds of the article is devoted to the distinction between subordinating conjunction and isolated words, since in modern research the generic function of some conjunctions words (soytip, kaita) is excluded, and these words are recognized as introductory. Similarly, some linking words (ary, zhane, aitpese) require a more thorough approach to the structural and semantic grouping of words in a sentence and inter-sentences.

Keywords: punctuation, sentence, isolated words, conjunctions, introductory words.

Авторлық үлестер

Сағындықұлы Б. – тұжырымдама; формалды талдау; деректерге жетекшілік ету; қадағалау; тексеру;

Ахтаева Н.Х. – хат: бастапқы жоба; жобаны әкімшілендіру; ресурстар; әдіснама; бағдарламалық қамтамасыз ету; жазу – шолу және редакциялау.